22116431595

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 желтоқсан №4360-24-00-2/2771 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Н.Б.Еламановтың,
хатшылықта А.Үсенханқызы болып,
мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы аудио-бейнежазба қолданылған ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Жалағаш ауданы әкімдігінің «Аламесек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Нұрсултан-07» атауымен әрекет етуші Рашид Жеткергенович Нураханов дара кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану
2. Тұрақсыздық айыбын өндіру

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
прокурор Э.А.Пернебек
талап қоюшының өкілі Н.Ж.Сахи
жауапкердің өкілі Т.Н.Ақшалов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Орындаушы) 2024 жылдың 16 шілдесінде №31 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 2.1, 3.1-тармақтарына және қосымшаларына сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 790 000 теңгеге бейнебақылау камера орнату жұмыстарын Шарт қазынашылық органында тіркелген күннен бастап 30 күнтізбелік күн ішінде орындауға міндеттенген.

Шарт қазынашылық бөлімінде 2024 жылдың 18 шілдесінде тіркелген, яғни жұмысты орындау мерзімі 2024 жылдың 18 тамызына дейін.

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Еламанов Н. Б., 30.01.2025

2024 жылдың 28 қыркүйегінде талап қоюшымен Шарт бір жақты бұзылған.

Талап қоюшы жоғарыда көрсетілген талап қоюмен сотқа жүгініп, жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және 9 480 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюшы ұсынған бағаға техникалық ерекшелікке сай келетін тауар жеткізу мүмкіндігі жоқ екенін көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Талап қоюшының өкілі Н.Ж.Сахи талап қоюда көрсетілген уәждерін айтып, техникалық ерекшелікте монитордың саны қате көрсетілгендігін, алайда жауапкер қосымша келісім жасап, ойға қонымды монитор санын көрсетуге, яғни мүлдем қызмет көрсетуге қарсы болғандығын атап, талап қоюды толық қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкердің өкілі Т.Н.Ақшалов жазбаша пікірінде көрсетілген уәждерін келтіріп, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Прокурор Э.А.Пернебек талап қою қанағаттандырылуға жататыны туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

№1 талап бойынша

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілер мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізіліміне енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

Шарттың 6.1-тармағына сәйкес, Жұмыс орындалды деп саналады Орындаушының Жұмыстарды осы Шартқа қосымшаларда көрсетілген

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2024
Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Еламанов Н. Б., 30.01.2025
4360-24-3-6/197

талаптарға толық сәйкестікте Тапсырыс берушіге толық тапсырған жағдайда орындалды деп саналады.

Сотта анықталғандай жауапкер жұмысты мүлдем орындамаған және оны жауапкер де жоққа шығармайды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік Кодексінің (бұдан әрі – АПК) 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптары мен қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуге, қорғану құралдарын пайдалануға, фактілерді растауға, оларға дау айтуға, процесті адал жүргізуге сәйкес келетін және іс жүргізуге жәрдемдесуге бағытталған дәлелдемелерді және дәлелдемелерге қарсы қарсылықтарды судья белгілеген мерзімдерде келтіруге тиіс.

Жауапкер өзінің баға ұсынысы негізінде өзге әлеуетті өнім берушілердің арасында жеңімпаз деп танылғандықтан және ойға сыйымды деп ойлаған жұмыстарын да орындамағандықтан уәждерін сот негізсіз деп санайды.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2024 жылғы 19 тамызда жүгінген.

Жоғарыда анықталған жағдайда талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану талабы негізді деп саналып, қанағаттандырылуға жатады деп сот тұжырымдайды.

№2 талап бойынша

АК-нің 293-бабына сәйкес, борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес.

Расында Шарттың 7.3-тармағында тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда тапсырыс беруші өнім беруші міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда өнім берушіден мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпы сомасынан 0,1% мөлшерінде тұрақсыздық айыбын өндіріп алатыны қарастырылған.

Дегенмен, талап қоюшы 9 480 теңге тұрақсыздық айыбын 2024 жылдың тамыз айының 3-14 аралығына, яғни Шарттың міндеттемелерді орындау мерзімі басталмаған мерзімге есептеген.

Сондықтан, талап қоюдың тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылуға жатады.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 846 теңге өндірілуге жатады.

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ:</u>

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Еламанов Н. Б., 30.01.2025

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Жалағаш ауданы әкімдігінің «Аламесек ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Нұрсултан-07» атауымен әрекет етуші Рашид Жеткергенович Нураханов дара кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы ішінара қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Нұрсултан-07» атауымен әрекет етуші Рашид Жеткергенович Нураханов дара кәсіпкері шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Талап қоюдың жауапкер «Нұрсултан-07» атауымен әрекет етуші Рашид Жеткергенович Нураханов дара кәсіпкерінен тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған бөлігі қанағаттандырудан бас тартылсын.

Жауапкер «Нұрсултан-07» атауымен әрекет етуші Рашид Жеткергенович Нураханов дара кәсіпкерінен мемлекет пайдасына сот шығыны мемлекеттік баж сомасы 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Н.Б. Еламанов**

Құжатқа қол қойылған: Еламанов Н. Б., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 30.01.2025, судья Еламанов Н. Б., 30.01.2025